

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ  
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ  
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Күні:** 10.09.2025 ж.

**Қатысқандар:**

1. Мектеп директоры комиссия төрайымы – Ж.З.Ермухамбетова
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ш.С.Ускенбаева
3. Қамқоршылық кеңес төрағасы – Қ.Т.Оразбаев
4. Әлеуметтік педагог – Г.Т.Нурмуханбетова
5. Ата-аналар комитетінің мүшесі – Ж.Ж.Сагитов
6. Медбике – Ф.Б.Айшолпанова
7. Сынып жетекші – Т.М.Жүніс

Барлығы: 7 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

**Тыңдалды:**

1. 2025-2026 оқу жылында «№109 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде 1718 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын басшылыққа ала отырып мектепішілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 1-4 сыныптар арасында 632, 5-9-11 сыныптар арасында 52-ні құрап отыр. Арендатор есебінен әзірге 11 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

«№109 жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны – 1.

Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 2 уақытта ұйымдастырылды.

Мысалы:

1-2 сынып оқушылары үшін – 09.35 – 09.50

3-4 сынып, 5-9-11 сынып оқушылары үшін – 11.25 – 11.40



2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Ш.С.Ускенбаева: Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау күнделікті бақылау мақсатында төмендегі құрамдағы комиссия мүшелері: Мектеп директоры – Ж.З.Ермухамбетова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ш.Т.Ускенбаева, қамқоршылық кеңес төрағасы – Қ.Т.Оразбаев, әлеуметтік педагог – Г.Т.Нурмуханбетова, ата-аналар кеңесінің мүшесі – Ж.Ж.Сагитов, медбике – Ф.Б.Айшолпанова, сынып жетекші – Т.М.Жүніс мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін тексеру мақсатында осы АКТ іні жасадық.

Мектеп асханасында оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған.

### Шешімі:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі қанағаттандырылсын.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау күнделікті бақылауға алынсын.

### Қатысушылар:

Мектеп директоры:

Ж.З.Ермухамбетова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Ш.С.Ускенбаева

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Қ.Т.Оразбаев

Әлеуметтік педагог:

Г.Т.Нурмуханбетова

Ата-аналар кеңесінің мүшесі:

Ж.Ж.Сагитов

Медбике:

Ф.Б.Айшолпанова

Сынып жетекшіс:

Т.М.Жүніс